

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы»
фтизиатриопульмонологиялық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК-ның кезектен тыс өткізілген
жиналысының

ХАТТАМАСЫ

№7

Балықты ауылы

16.05.2023жыл

Төрағасы: Басшы А.Ахылбеков

Хатшылықта: заңгер М.Кембаев

Қатысқандар: «Облыстық «Балықшы» фтизиатриопульмонологиялық оңалту орталығы» бөлім меңгерушілері мен дәрігерлер, аға медбикелер.

Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен танысу, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақматындағы ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

Жиналыста келесі мәселелер айтылды, 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін барынша азайтуға, сыбайлас жемқорлық үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамсыз етуге, азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа іс-қимылға одан әрі ауқымды тарту жөніндегі шаралар қабылдауға, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты мониторингтеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметі бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты реформалар мен жобаларды қамтитын 6 міндеттер блогы қамтылған.

Сонымен қатар, қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің құрамы кеңейтілгендігі, пара бергені және паракорлыққа делдал болғаны, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін жауапкершіліктің қатаңдатылғандығы жөнінде толыққанды ақпарат айтылып өтті.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмағасәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Жиналыс төрағасы

А.Ахылбеков

Хатшы М.Кембаев

